

Келісемін:
Нұра ауданының білім
бөлімі жанындағы әдістемелік
кеңесінде



А.З.Жаирбекова

Бекітемін:

Мектеп меңгерушісі:



Ә.Ж.Әбдірахман

Вариативтік курсының бағдарламасы

Атауы: “Қызықты математика”

Сыныбы: 4-сынып

Аптасына: 1 сағат

Сағат саны: 34 сағат

Құрастырған: Муратова Ж.Ж.

Түсінік хат

Мақсаты:

Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- Математиканы үйренуге ынтасын арттыру, оқушыларды қызықтыру әрекеттерін қалыптастыру.
- Ойын дәлелді жеткізе білуге жаттықтыру.
- Математикалық сөйлеуді, логикалық ойлауды дамыту.
- Шығармашылық ізденіске жетелеу.
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша өзгертіп шығаруға жаттықтыру.
- Талдау, жинақтау, ұқсастықты табу, ерекшелікті ажырату әрекетін дамыту.
- Өз бетінше жұмыс жасау дағдысын қалыптастыру.

«Қызықты математика» бағдарламасы тапсырманы әр түрлі тәсілдермен шешуге, логикалық ойлауға, оның тереңдігі мен икемділігін қарқынды дамытуға ықпал етеді. Әртүрлі жолдармен есеп шығарудың негізін әзірлейді, тұлғалық –бағыттық тәсілді жүзеге асыруға ықпал етеді. Түрлі жолдармен есепті шешу оқушының өз бетінше айналысуына қосымша мүмкіндік туғызады, күнделікті өмірдегі кездейсоқ жағдаяттардан жол табу қабілеттерінің дамуын қалыптастыратын әрекеттерді дамыту бағытын ұстанады.

Күтілетін нәтиже:

- Оқу іс-әрекеттерін өз бетімен жоспарлауды, бақылауды орынды қолдануға үйренеді
- Әртүрлі кесте бойынша есеп құрастыруға жаттығады
- Шамаларды салыстыра білуге үйренеді
- Кез-келген есепті өз көзқарасы бойынша шығаруға дағдыланады
- Өз ойын дәлелдей білуге жаттығады
- Проблемалық жағдаятты шеше алады
- Шығармашылықпен жұмыстана бастайды

Күнтізбелік- тақырыптық жоспар 4-сынып
«Қызықты математика»

Аптасына 1 сағат

Жылына 34 сағат

| № | Тақырыбы | Сағат саны | Уақыты |
|----|---|------------|--------|
| 1 | Натурал сандар | 1 | |
| 2 | Көп таңбалы сандарды салыстыру | 1 | |
| 3 | Уақыт өлшем бірліктер | 1 | |
| 4 | Арифметикалық амалдар | 1 | |
| 5 | Қызықты үшбұрыштар | 1 | |
| 6 | Күрделі теңдеулерді шешу | 1 | |
| 7 | Разрядтық қосылғыштарға жіктеу | 1 | |
| 8 | Теңдеу арқылы шығарылатын есептер | 1 | |
| 9 | Жоғалған сандарды табу | 1 | |
| 10 | Бөлудің ерекше жағдайлары | 1 | |
| 11 | Көлемді табу жолдары | 1 | |
| 12 | Қалдықпен бөлу | 1 | |
| 13 | Логикалық есептер 1 | 1 | |
| 14 | Өрнектердегі амалдардың орындалу реті | 1 | |
| 15 | Атаулы сандар | 1 | |
| 16 | Қызықты тапсырмалар | 1 | |
| 17 | Амалдарды орындау | 1 | |
| 18 | Математикалық спринт (тест) | 1 | |
| 19 | Фигуралардың периметрі мен ауданын табу | 1 | |
| 20 | Бөлінгіштік белгілер | 1 | |
| 21 | Логикалық есептер 2 | 1 | |
| 22 | Үлестер | 1 | |
| 23 | Өрнектер жазу және олардың мәнін табу | 1 | |
| 24 | Ұзындық өлшем бірліктері | 1 | |
| 25 | Шенбер және дөңгелек | 1 | |
| 26 | Сандардың римдік жүйесіндегі жазылуы | 1 | |
| 27 | Ребустар шешу | 1 | |
| 28 | Масса өлшем бірліктері | 1 | |
| 29 | Қозғалысқа берілген есептер | 1 | |
| 30 | Үш таңбалы сандарды көбейту, бөлу | 1 | |
| 31 | Шамаларды салыстыру | 1 | |
| 32 | Аудан өлшем бірліктері | 1 | |
| 33 | Теңдеулерді шешу | 1 | |
| 34 | Байқа, тап, түзе! | 1 | |

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. В.П. Слепнёва , Математика (бастауыш сынып оқушыларына арнайы қысқаша анықтамалық 1- 4 сыныптар) - Көкшетау қаласы, « Келешек-2030 »
Л.Л. Глазырина , Математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушыларының логикалық ойлау және есептеу дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалары жинағы (2,3,4 сыныптар) - Көкшетау қаласы, « Келешек-2030 » 2008
2. Н.Ә.Жаманғараева, Ф.А.Асылбекова, Математикадан 105 сабақ 2014
3. Ж.Дәуренбеков , Қызықты сабақтар 2014
4. Ш. Күмісбайұлы, Жұмбақ әңгімелер 2001
5. Бейсеков Ж., Қамбарова Ж.,Исаева А. Математикадан бақылау жұмыстары (1-4 сыныптар)– Шымкент, 2008

Келісемін:
Нұра ауданының білім
бөлімі жапындағы әдістемелік
кенесінде

№

 А.З.Кайрбекова



Бекітемін:
Мектеп меңгерушісі:



 Ә.Ж.Әбдірахман

Вариативтік курсының бағдарламасы

Атауы: “Көркем жазу”

Сыныбы: 2-сынып

Аптасына: 1 сағат

Сағат саны: 34 сағат

Құрастырған: Ә.Ж.Әбдірахман

Түсінік хат.

Қазақстан Республикасының дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі, қоғам дамуындағы жаңа бағыттар еліміздің болашағы, бүгінгі мектеп оқушыларын оқытуға жаңа міндеттер қойып отыр. Мұның өзі әрбір мұғалімнен оқу үрдісін қайта қарауды, сонымен қатар қалыптасқан әдістер мен технологияларды жаңа өмір талабына сай өзгертілген түрлерімен ұтымды ұштастыруды қажет етеді. Жаңа үрдістерді әр сабақтың мақсат-міндетіне сәйкес тиімді қолдану мұғалімнің шеберлігіне, ізденісіне байланысты. Сауатты және көркем жазу оқушыларды нақтылыққа баулиды. Оқушы қабілетінің ерекшелігіне, психологиялық жағдайына жазу тікелей байланысты.

«Көркем жазуды» оқытудың басты мақсаты – оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, әріп элементтерін дұрыс жазу, сөздерден сөйлем құрастыра білу, грамматикалық мағлұматтарды меңгерту.

«Көркем жазу» дәптері 34 сабаққа негізделіп жасалынған, 5 бөлімнен тұрады. Әр сабаққа тақырыптың деңгейіне қарай 4-5 жаттығудан берілген.

Бірінші жаттығуда – үлгідегі әріп элементтерін және сөздерді көркем жазуға негізделген. Бұл тапсырманы оқушы өз бетімен орындайды.

Екінші жаттығуда – өлеңдерді, мақал-мәтелдерді, жұмбақ-жаңылтпаштарды жаттай отырып, қатесіз әрі көркем етіп көшіруге негізделген.

Үшінші жаттығуда – Сауатты, көркем етіп көшіріп жазуға ынталандыру мақсатында ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрастыру, сөздерге дыбыстық талдау жасау, сөздерді буынға бөліп жазу жаттығулары ұсынылған.

Төртінші, бесінші жаттығуларда – оқушының шығармашылық қабілетін ашуға, танымдық ойлау шеберлігін шыңдауға бағытталған. «Венн диаграммасы», «Топтастыру», «Ішіне-сыртына», «5 минуттық эссе жазу» әдіс-тәсілдері, сонымен қатар «Сөз терім», «Оқиық, ойланайық» ойындары, ой әсемдігін мәнерлі жазбаша тілде жеткізуге, қысқаша мәтін құруға, сурет бойынша әңгіме жазуға негізделген.

Жыл аяғында оқушылар көркем жазуды, қатесіз көшіріп жазуды сапалы және нақты орындауға үйренеді.

Оқу пәнінің мақсаты :

Оқушылардың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру, әріп элементтерін дұрыс жазуын, әдеби сауаттылығын, көркемдік эстетикалық талғамын арттыру, грамматикалық мағлұматтарды меңгерту.

Міндеттері :

1. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуына, ақыл – ойының дамуына, интеллектуалдық және ерік пен сезімге қатысты белсенділігін қалыптастыруға мүмкіндіктерін туғызу .
2. Зерделеу, есте сақтау, түсіну дағдыларын дамыту. Өзіне деген сенімін арттыру.
3. Оқушыны белгілі бір тақырып көлемінде ой жүйесін құруға, образға ену, топпен талқылауға бағыттау.
4. Әріптерді қосып, буын, сөз жазу машықтарын жетілдіріп, жазу жаттығуларын ұдайы жүргізу .
5. Жеке сөздерді, сөйлемдерді қатесіз көшіруге және айтылуы емес жазылуы бойынша дұрыс жазуға машықтандыру

Нәтиже :

1. Әріп элементтерін, әріптерді көркем жазуға қалыптасады
2. Оқушылар көшіріп жазу әдісі, сызықтық әдіс, генетикалық әдіс, теріп жазу әдістерін саналы түрде және нақты орындауды меңгереді.
3. Мәтінді көшіріп жазу, өлеңдерді , мақал – мәтелдерді, жұмбақ – жаңытпаштарды жатқа жазу, ойдан әңгіме құрастыру біліктіліктері дамиды .
4. Таным белсенділігі артып, шығармашылық қабілеттері мен мүмкіндіктері дамиды.
5. Оқушы өздігінен ізденуге үйренеді, көркем жазуға қалыптасады
6. Оқушының өзін-өзі тану қабілеті дамып, оқу әрекеті және оның нәтижелері бойынша өзіне-өзі ұдайы талдау жасауға, өзіне баға беруге қалыптасады.
7. Жазбаша тапсырмаларды орындау арқылы шығарма, эссе немесе хат жазу, өлең құрастырады, сұрақтарға жазбаша жауап береді. Қатесіз, көркем жазуға дағдыланады.

“Көркем жазу”
Аптасына 1 сағат. Барлығы 34 сағат
2сынып

| | Сабақтың тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі | Қосымша материал |
|----|--|-------------------|----------------|--------------------------------|
| 1 | Көркем жазуға үйренейік | 1 | | |
| 2 | Жіңішке дауыстыларды, жіңішке сөздерді көркем жазу | 1 | | «Қазақ тілі» оқулығы |
| 3 | И, Ш, І бас әріптерін жазу | 1 | | Мақал – мәтелдер |
| 4 | Г, Ғ, Һ кіші әріптерін жазу | 1 | | |
| 5 | П, Т, М, Р кіші әріптерін жазу | 1 | | |
| 6 | Л, М, А бас әріптерін жазу | 1 | | Мақал – мәтелдер |
| 7 | С с бас және кіші әріптерін жазу | 1 | | Мақал – мәтелдер, жаңылтпаштар |
| 8 | Е, Ё бас және кіші әріптерін жазу | 1 | | Мақал – мәтелдер |
| 9 | У, Ұ, бас және кіші әріптерін көркем жазу | 1 | | Мақал – мәтелдер |
| 10 | Ұ, Ч бас және кіші әріптерін көркем жазу | 1 | | Мақал – мәтелдер |
| 11 | Жатқа жазу. Шағала мен шабақ. | 1 | | Қазақ тілінен сын жұмыстары |
| 12 | Мәтінді көшіріп жазу. «Қоян» мәтіні. | 1 | | Қазақ тілінен сын жұмыстары |
| 13 | Б, ф кіші әріптерін жазу | 1 | | Мақал – мәтелдер |
| 14 | Көшіріп жазу. «Көмек» мәтіні. | 1 | | |
| 15 | Шығармашылық жұмыс «Қыс» әңгіме құрастырып жазу | 1 | | Мазмұнды сурет |
| 16 | О о, Ө ө бас және кіші әріптерін жазу | 1 | | |
| 17 | Д д, З з, бас және кіші әріптерін жазу | 1 | | Жаңылтпаштар |
| 18 | В в бас және кіші әріптерін жазу | 1 | | Жаңылтпаштар |
| 19 | ь жіңішкелік, жуандық белгілері және Ы ы бас және кіші әріптерін көркем жазу | 1 | | Мақал – мәтелдер |
| 20 | К к, Қ қ, ң әріптерін көркем жазу | 1 | | Өлең жолдары |
| 21 | Н н, Ю ю бас және кіші әріптері | 1 | | |
| 22 | Г, Ғ, Р, П Т бас әріптерін көркем жазу | 1 | | Мақал – мәтелдер |
| 23 | Тақтадан көшіріп жазу «Қаңтар» мәтіні. | 1 | | Қазақ тілінен сын жұмыстары |
| 24 | Жатқа жазу «Ақ күшігім» өлеңі | 1 | | Қазақ тілінен сын жұмыстары |
| 25 | Ц ц, Щ щ бас және кіші әріптерін жазу | 1 | | |
| 26 | Б б, Д д бас әріптерін жазу | 1 | | |
| 27 | Ә ә, Э э бас және кіші әріптерін жазу. | 1 | | Мақал – мәтелдер |
| 28 | Х х, Ж ж, Я я бас және кіші әріптерін жазу | 1 | | |
| 29 | Сөздерге дыбыстық талдау жасау | 1 | | «Қазақ тілі» оқулығы |
| 30 | Өлеңді қара сөзбен жазу | 1 | | |
| 31 | Зат есім, етістік, сын есім, сан есімдер жазу | 1 | | «Қазақ тілі» оқулығы |
| 32 | Ребустар, сөзжұмбақ шешу | 1 | | |
| 33 | Сұрақтарға жауап жазу | 1 | | Қазақ тілінен сын жұмыстары |
| 34 | Сын жұмысы. «Ең үздік дәптер» көрме ұйымдастыру | 1 | | |

Келісемін:
Нұра ауданының білім
бөлімі жанындағы әдістемелік
кеңесінде



№
А.З. Каирбекова

Бекітемін:
Мектеп меңгерушісі:



Ә.Ж.Әбдірахман

Вариативтік курсының бағдарламасы

Атауы: “Ғажайып математика”

Сыныбы: 2-сынып

Аптасына: 1 сағат

Сағат саны: 34 сағат

Құрастырған: Ә.Ж.Әбдірахман

Түсінік хат

Таңдау курсының бағдарламасы бастауыш сыныптар оқушыларымен ұйымдастырылатын танымдық курсының, 2 сыныптарға арналған бағдарламасы, оларды ұйымдастыру тәртібі және қажетті деген қосымша материалдар берілген. Бастауыш сыныптарда жүргізілетін «Ғажайып математика» танымдық курсы. Бұл бағдарлама бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай алынған және олардың танымдық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалар бөлініп көрсетілген. Бұл жинақ математика пәніне көмекші таңдау курсының бағдарламасы ретінде пайдаланылады. Ұсынылып отырған таңдау курсы бастауыш сыныптарда оқытылатын негізгі пәндерден алған білімдерін тереңдету, қоршаған ортамен таныстырып, ойлау, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамытуды көздейді. Жас буын түрліше құбылыстың сырына құмартып, әр нәрсеге әуестеніп, жауап іздейді. Осы құштарлықты арттыруға, ой-өрісін бағыттап, кеңейтуге танымдық курста қаралатын жұмыс түрлері жауап береді. Танымдық курста математика тілін пайдалану арқылы тіл мәдениетін дамытуға, салыстыру, талдауға, синтездеу, индукция мен дедукция, аналогия арқылы тұжырым жасауға үйренеді. Танымдық курста қатыстыру арқылы оқушыларды ұйымшылдыққа, коллектив намысы үшін күресуге баулимыз. Оған қатысатындарды жігерлендіріп, қолдап, қызығушылықтарын оятып отыру керек. Осы мақсатта жұмбақтарды, өлең есептерді, санамақтарды, ребустарды, фокустарды, таяқшалар мен ойындарды, басқатырғыштарды, графикалық диктанттарды пайдалану тиімдірек келеді. Оқу құралында алынған тапсырмалар пайымдауға, шығармашылық тұрғысынан ойлауға, өз беттерінше шешім қабылдауға және қорытынды жасауға үйретеді.

Мақсаты: оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыра отырып, түрлі тапсырмаларды орындау барысында оқушылардың ақыл – ойын, есте сақтау, зейін, сөйлеу, ой ұшқырлығы қабілеттерін дамыту, олардың бойында ибалық, байсалдық, тапқырлық, шыдамдылық, шапшаңдық қасиеттерді қалыптастыруды жетілдіруге тәрбиелеу. Бағдарламаның мақсаты мына міндеттерді орындауға бағытталады.

Міндеттері:

- оқушылардың есептеу дағдысын жетілдіру;
- логикалық ойлау қабілетін арттыру;
- математика тілін пайдаланып тіл мәдениетін дамыту;
- дүниетанымын кеңейтіп, есепке деген құштарлығын арттыру;
- оқушылардың бойына жағымды қасиеттерді дамыту;
- білім, білік, дағдыларын өмірде қолдана білуге дағдыландыру;

2 сынып оқушыларынан күтілетін нәтижелер:

- Әдіктерінен мәселе есептерді орындай білу.
- Геометриялық фигураларды ажырата білу.
- Математикалық жұмбақтарды, ребустарды шеше білу.
- Тест жұмыстарын орындай білу.
- Өлшем бірліктерін есептей білу.
- Кері есептер құрастыра білу.
- Күрделі теңдеулер орындау.
- Олимпиадалық есептер шығару.

Ғажайып математика
Аптасына 1 сағат. Барлығы 34сағат.

2-сынып

| № | Мазмұны | Сағат саны | Күні | Қолданылатын әдебиеттір |
|--|--|------------|------|---|
| “Математикалық ойындар” 8 сағат | | | | |
| 1 | «Поле чудес» ойыны | 1 | | Т.И. Линго «Ойындар , ребустар, кіші оқушыларға арналған жұмбақтар» |
| 2 | Құпия сандар | 1 | | А.Е. Әбілқасымова, С.А. Джанабердиева «Қызықты математика» |
| 3 | «Адасқан сандар» қатары | 1 | | А.Е. Әбілқасымова, С.А. Джанабердиева «Қызықты математика» |
| 4-5 | Көңілді есептер | 2 | | Ә.Б. Ақпаева Математика 2сынып |
| 6-7 | Тез есептей білейік | 2 | | А.Е. Әбілқасымова, С.А. Джанабердиева «Қызықты математика» |
| 8 | Логикалық есептер | 1 | | Т.И. Линго «Ойындар , ребустар, кіші оқушыларға арналған жұмбақтар» |
| «Сықырлы сандар» 7 сағат | | | | |
| 1-2 | Сықырлы шаршы | 2 | | Ә.Б. Ақпаева Математика 2сынып Логика әлемі |
| 3 | Сықырлы үшбұрыштар | 1 | | А.Е. Әбілқасымова, С.А. Джанабердиева |
| 4-5 | Жасырынған сандар | 2 | | «Қызықты математика» |
| 6 | Математикалық ребустар | 1 | | Ә.Б. Ақпаева Математика 2сынып |
| 7 | «Кім тапқыр?» ойыны | 1 | | оқулық |
| «Есептер еліне саяхат» 10 сағат | | | | |
| 1 | Екі таңбалы сандарды қосу және азайту. | 1 | | Ә.Б. Ақпаева Математика 2сынып |
| 2 | Теңдіктер мен теңсіздіктер | 1 | | Оқулық |
| 3 | Тізбектер | 1 | | Әдістемелік нұсқау хат |
| 4 | Математикалық диктант | 1 | | Ә.Б. Ақпаева Математика 2сынып |
| 5 | Сурет бойынша есептер құрастыру | 1 | | Танымдық математика |
| 6-7 | Рим цирларымен танысайық | 2 | | Ә.Б. Ақпаева Математика 2сынып |
| 8-9 | Қызықты есептер | 2 | | Дидактикалық есептер |
| 10 | Қорытынды. Тест. | 1 | | Есептер жинағы |
| ІҮ «Сықырлы геометрия» 9 сағат | | | | |
| 1 | Математикалық жұмбақтар | 1 | | Логикалық есептер |
| 2 | Математикалық ребустар | 1 | | Логикалық есептер |
| 3 | Сықырлы пішіндер | 1 | | Математика-ғасыр кілті |
| 4 | Фигуралардан есептер құрастыру. | 1 | | Т.И. Линго «Ойындар , ребустар, кіші оқушыларға арналған жұмбақтар» |
| 5 | Көру арқылы есте сақтауды жаттықтыруға тапсырмалар | 1 | | Т.И. Линго «Ойындар , ребустар, кіші оқушыларға арналған жұмбақтар» |
| 6 | Түзу және қисық сызықтар. | 1 | | Ә.Б. Ақпаева Математика 2сынып |
| 7 | Қызықты есептер. | 1 | | Логикалық есептер |
| 8 | «Ойлан тап!» | 1 | | Логикалық есептер |
| 9 | Қорытынды. Тест. | 1 | | А.Е. Әбілқасымова, С.А. Джанабердиева «Қызықты математика» |